

8D01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Абылайхан Салтанат Мұратханқызының «Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың теориялық және практикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

**ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмері); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).	1.1 Докторанттың диссертациялық жұмысының тақырыбы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес. Қазіргі кезеңнің, мемлекеттің даму дәуірінің ажырамас бөлігі жаңғыру болып табылады. Әлемдік интеграциялық үдерістерге деген ұмтылыс қазақстандық қоғамды сипаттайды, соның салдарынан жаңғыру мемлекет дамуының негізгі үдерістерінің біріне айналды. Қазақстан қоғамын стратегиялық дамыту мақсатында Мемлекет Президенті Қ.Ж.Тоқаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларында рухани жаңғырудың басымдықтары ретінде мынадай бағыттарды бөліп көрсетеді: «Адами капитал – рухани жаңғыру негізі», «Өмір сапасын жоғарылату», «Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі». Сондай-ақ, 2020-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының талаптарына сәйкес білім беру саласында мемлекеттің қазіргі саясатының нақты мәселелері қарастырылып, «жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту» сұрақтарын түбегейлі қайта қарастыру қажеттігі заңдылық болып табылады.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады, оның маңыздылығы жан-жақты ашылған. Докторант рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың теориялық негіздерін ашып көрсетеді, оның педагогикалық жүйесі мен технологиясын негіздеді және эксперименталды сынақтан өткізді.



3.	Дербестік принципі	Өзі жазу деңгейі: <b>1) жоғары;</b> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Жоғары. Дербестік деңгейі дереккөздермен жұмыс жасауда аналитикалық талдауымен, теориялық бөлімді жазу барысында, диагностикалық әдістемелерді таңдауында және оларды жүргізуінде, зерттеу нәтижелерін интерпретациялауында, диссертациялық жұмыстың қорытындысында берілген ұсыныстарында көрінді.
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: <b>1) негізделген;</b> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды <b>1) айқындайды;</b> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды.</p>	<p>Диссертацияның өзектілігі негізделген. Докторант, карама-қайшылықтарды анықтайды, атап айтқанда: қоғам қажеттілігі мен рухани жаңғыру жағдайында адамгершілік мәдениет белгілері жайында біліп қана қоймай, сонымен қатар олардың пайда болуы үшін негізгі дағды мен іскерліктерді игерген мектеп жасына дейінгі бала тұлғасы мен білімін зерттеу қажеттілігінің; оны мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу – білім беру үдерісінде қалыптастырудың өңделмеген педагогикалық жүйесі мен технологиясының теориялық және әдістемелік тұрғысынан негізделмеуінің жеткіліксіздігі, зерттеу мәселесі болып табылатын карама-қайшылықтарды шешудің ғылыми негізделген және тиімді жолдарын анықтау қажеттілігіне сендіреді. Осыған орай, бұл зерттеу өзекті болып табылады және Қазақстан Республикасының әлеуметтік және білім беру дамуының сұраныстары мен ғылыми міндеттерін шешумен тікелей байланысты.</p> <p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды, ол кіріспемен, 2 тараумен, қорытындымен, пайдаланылған әдебиеттер тізімімен, қосымшалармен ұсынылған.</p> <p>«Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері» атты бірінші тарауда төмендегідей сұрақтар қарастырылған:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру факторы ретінде рухани жаңғыру жағдайын негіздеу,</li> <li>- «рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың</li> </ul>

			<p>адамгершілік мәдениеті» түсінігінің мазмұны мен мәні және мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетінің құрылымдық компоненттері,</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі мен технологиясы.</li> </ul> <p>«Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі мен технологиясының тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік тексеру» атты екінші тарауда мынадай материалдар берілген:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- зерттеуді ұйымдастыру және оның әдістері,</li> <li>- мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың өңделген педагогикалық жүйесі мен технологиясының тиімділігін дәлелдейтін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мазмұны.</li> </ul>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сәйкес келеді;</li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді</li> </ol>		<p>Берілген зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді, атап айтқанда, зерттеудің мақсаты: рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі мен технологиясын теориялық тұрғыда негіздеу және эксперименталды сынақтан өткізу.</p> <p>Зерттеудің міндеттері:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру факторы ретінде негіздеу.</li> <li>2. «Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениеті» түсінігінің мәні мен мазмұнын анықтау, мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетінің құрылымдық компоненттерін айқындау.</li> <li>3. Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың</li> </ol>



		<p>адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесін өңдеу және теориялық негіздеу.</p> <p>4. Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру технологиясын құру.</p> <p>5. Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыруда өңделген педагогикалық жүйе мен технологияның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеру.</p>
	<p>4.4 Диссертацияның барлық тараулары мен қағидалары логикалық өзара байланысқан:</p> <p>1) <b>толық байланысқан;</b></p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық тараулары мен қағидалары логикалық өзара байланысқан. Қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне, сонымен қатар жұмыстың тарауларына толық сәйкес келеді.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағдар, әдістер) дәлелденіп, бұрынна белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <b>сыни талдау бар;</b></p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Зерттеу мәселесінің бұрын айқын шешімдерін сыни талдау негізінде автор жаңа шешімдерді ұсынады. Осы орайда докторант, алғаш рет рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесін өңдеп, ұсынады. Педагогикалық жүйе компоненттер жиынтығынан тұрады, олар мақсаттық (педагогикалық жүйенің мақсаты), мазмұндық (мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың мотивациялық, қалыптастырушы, түзетуші кезеңдері), процессуалдық (педагог пен бала әрекетінің мазмұны, рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың технологиясын жүзеге асыру; тәрбиелеу-білім беру үдерісінің әр түрлі формаларында оқыту мен тәрбие әдістері, құралдары), бақылау-бағалау (мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетінің қалыптасу деңгейлерін мониторингілеу), нәтижелік (адамгершілік мәдениеттің қалыптасуы);</p> <p>Сонымен қатар, мектеп жасына</p>

			дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыруда педагогтермен және ата-аналармен жұмыс блогын, балалармен жұмыс блогын қамтитын, әр блокты оқыту мен тәрбиенің әдістері, формалары және құралдары арқылы жүзеге асырудан тұратын педагогикалық технологиясы.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <b>толығымен жаңа;</b> 2) <b>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми нәтижелелер мен қағидалар толығымен жаңа, себебі автор 1. Рухани жаңғыру жағдайы мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың факторы ретінде негіздеді. 2. «Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениеті» түсінігінің мәні мен мазмұны анықталды, оның құрылымдық компоненттері айқындалды. 3. Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі өңделіп, теориялық тұрғысынан негіздеді. 4. Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру технологиясын құрды. 5. Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыруда өңделген педагогикалық жүйе мен технологияның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жолымен тексерді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <b>толығымен жаңа;</b> 2) <b>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа және қойылған міндеттердің шешілуін, тиісінше зерттеу мақсаттарын толық көрсетеді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе: 1) <b>толығымен жаңа;</b>	Техникалық, технологиялық, экономикалық шешімдер толығымен жаңа және негізделген, өйткені докторант мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру үдерісін ақпараттық-технологиялық қамтамасыз етуді әзірледі және енгізді.



		2) жартылай гана (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
6.	Негізі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген</b> /негізделмеген (qualitative research и направлений және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	<p>Автордың ұсынған қорытындылары, жеткілікті түрде негізделген.</p> <p>Бірінші нәтиженің негізділігі рухани жаңғыру жағдайын мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың факторы ретінде теориялық талдауында.</p> <p>Диссертациялық зерттеудің екінші нәтижесі «рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениеті» түсінігінің мәні мен мазмұнын нақтылы анықталуымен, адамгершілік мәдениеттің мәні мен құрылымдық компоненттерін бөліп көрсетуімен.</p> <p>Үшінші нәтиженің негізділігі мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық жүйесін өңдеумен.</p> <p>Төртінші нәтиженің негізділігі мектеп жасына дейінгі балалардың педагогикалық технологиясын құрумен.</p> <p>Бесінші нәтиженің негізділігі рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыруда өңделген педагогикалық жүйе мен технологияның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жолымен тексеруімен.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p>	<p>7.1 Қорғауға ұсынылған қағидалар дәлелденді. Дәлелдеме зерттеушінің бастапқы теориялық ұстанымдарымен, жұмыстың жеткілікті ұзақтығы мен жоспарлылығымен, ғылыми зерттеу аппаратының логикалылығымен, ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерінің кешенін іске асырумен, эксперимент деректерін сапалық және сандық талдауымен, экспериментке қатысқан балалармен зерттелетін мәдениет түрінің қалыптасу деңгейлеріндегі оң өзгерістерімен, эксперименттік жұмыстың мазмұнының ғылыми зерттеу аппаратына сәйкестігімен қамтамасыз етіледі.</p> <p>7.2 Қағидалар тривиалды емес,</p>

		<p>1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ</p>	<p>өйткені олар жаңалыққа ие. 7.3 Иә, берілген қағидалар жаңа болып табылады. Автор жұмысында жаңғыру, рухани жаңғыру, адамгершілік мәдениет, мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру мәселелерінің әртүрлі аспектілеріне арналған отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін терең және толық талдауы маңызды. Дегенмен, бірқатар қағидалар теориялық тұжырымдама тұрғысынан зерттелмеген күйінде қалады. Осыған байланысты бірінші нәтиже жаңа, өйткені автор рухани жаңғыру жағдайын мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың факторы ретінде талдауында. Екінші нәтиже жаңалықтың талабына жауап береді, өйткені автор «рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениеті» түсінігінің мәні мен мазмұнын анықтайды, адамгершілік мәдениетті қалыптастырудың құрылымдық компоненттерін бөліп көрсетеді. Зерттеудің үшінші нәтижесінің жаңалығы автордың әдіснамалық тұғырларға (жүйелік, мәденилік, мәдени-тарихи, ақпараттық) және принциптерге (мәденилік, гуманизм, сана мен әрекеттің бірлігі, психиканың дамуы) негізделген балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесін өңдегендігімен анықталады. Зерттеудің төртінші нәтижесінің жаңалығы автор педагогтер мен ата-аналар жұмысына және балалармен атқарылатын жұмысқа арналған блоктар арқылы педагогикалық технологиясын құруы. Бесінші нәтиже жаңалықтың талабына жауап береді, өйткені ол анықтаушы, қалыптастырушы, бақылау кезеңдерінен тұратын зерттеу тақырыбы бойынша жүргізілген эксперименттік жұмыстармен, мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру және жаңа эмпирикалық мәліметтер алу бойынша</p>
--	--	---	---



		<p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <b>кең</b></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <b>иә</b>; 2) жок</p>	<p>қажетті мақсаткерлік жұмыстың дәлелденуімен расталады. Автор рухани жаңғыру жайдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі мен технологиясын тексеру бойынша нәтижелерін ұсынды.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі - кең, өйткені зерттеудің теориялық және практикалық нәтижелерін мектепке дейінгі ұйым педагогтері және ата-аналар, тиісті профильдегі мамандарды даярлау саласында қолдана алады.</p> <p>7.5 Иә, дәлелденген. Диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері, нәтижелері, тұжырымдары автордың төмендегідей жарияланымында көрініс тапты, 3 мақала - Scopus және Web of Science базасындағы индекстелген журналдарында; 5 мақала - ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚҚ ұсынған басылымдар тізіміне енген ғылыми журналдарда; 1 мақала – алыс шетел ғылыми басылымында; 5 мақала – жақын шетел ғылыми басылымдарында; ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық конференция материалдарында.</p> <p>Бұнымен қоса, 1 оқу құралы, 1 электронды оқу құралы, 1 ЭЕМ-ге арналған бағдарлама, 2 әдістемелік нұсқаулықтар, 1 электронды әдістемелік нұсқаулық жарық көрді.</p>
8.	Дәйектілік принцип Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <b>иә</b>; 2) жок</p> <p>8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен</p>	<p>Иә, әдістеме жеткілікті жан-жақты сипатталған. Докторант философиялық, психологиялық-педагогикалық теориялар мен тұжырымдамаларды; әдіснамалық тұғырларды (жүйелік, мәденилік, мәдени-тарихи, ақпараттық.) және принциптерді (мәденилік, гуманизм, сана мен әрекеттің бірлігі, психиканың дамуы) айқындай отырып, негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілігін қалыптастыру үдерісін жүзеге асырылуын ашып көрсетеді.</p> <p>Иә, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешу үшін теориялық және эмпирикалық әдістер кешені қалай қолданылды: - теориялық (зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық-педагогикалық,</p>



		<p>деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін қолдану арқылы алынды:</p> <p>1) иә; 2) жоқ</p>	<p>мәдениеттану әдебиеттерін оқып - үйрену және талдау, нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау, мектепке дейінгі ұйымның нормативтік құжаттарын талдау);</p> <p>- эмпирикалық (педагогикалық эксперимент, бақылау, әңгіме, мектеп жасына дейінгі балалардың өнімді іс-әрекеттерін зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерін талдау және жалпылау);</p> <p>- зерттеу сипатына сәйкес математикалық статистика әдістері және басқа әдістер алынған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) иә; 2) жоқ</p>	<p>Иә, теориялық қорытындылар, анықталған қатынастар мен заңдылықтар педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты жүргізу барысында алынған нәтижелер әзірленген педагогикалық жүйе мен технологияның тиімділігін растайды.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер өзекті және шынайы ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b>/ішінара расталған/расталмаған</p>	<p>Берілген мәліметтер мен ақпараттар мемлекеттік нормативтік құжаттарға, басшылыққа алынған теориялар авторларының идеясын түбегейлі талдап, оны өз зерттеуіне трансформациялануы және сілтемелер жасалуымен расталған. Зерттеу мәселесіне қатысты маңызды мәлімдемелер өзекті және шынайы ғылыми әдебиеттер мен зерттеулерге (монографиялар, диссертациялар, ғылыми мақалалар) сілтемелермен бекітілген.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу үшін <b>жеткілікті</b>/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдебиеттерді шолуға жеткілікті деп қорытындылауға болады. Себебі зерттеу барысында диссертант 224 әдебиет (дерек көзі) пайдаланылған және қолданылған әдебиеттер тақырыпқа толықтай сәйкес келеді.</p>
9.	Практикалық	9.1 Диссертацияның	Иә, диссертацияның теориялық

	күндылык принципі	теориялык мәні: 1) <b>иә;</b> 2) жок	маңыздылығы болып табылады: 1. Рухани жаңғыру жағдайы мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың факторы ретінде негіздеуі. 2. «Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениеті» түсінігінің мәні мен мазмұны анықталуы, оның құрылымдық компоненттерінің айқындалуы. 3. Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі өңделіп, теориялық тұрғысынан негізделуі. 4. Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру технологиясының құрылуы.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <b>иә;</b> 2) жок	Иә, диссертация практикалық маңызға ие. Практикалық маңыздылығы рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыруда зерттеу нәтижелерін пайдалану мүмкіндіктерін дәлелдейді, сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру үрдісіне әзірленген ақпараттық-технологиялық кешенін енгізу көзделген.
		9.3 Тәжірибеге арналған ұсыныстар жаңа ма? 1) <b>толығымен жаңа;</b> 2) ішінара жаңа (25-75% ғана жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан төмені ғана жаңа)	Зерттеу барысында жасалған практикалық ұсыныстардың толығымен жаңа екендігін зерттеу мәселесінің алғашқы рет зерттеу нысанына айналуы дәлелдеді. Себебі олар, диссертацияда алынған міндеттерге сәйкес жаңалық ретінде қарастырылғандығымен айқындалады.
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <b>жоғары;</b> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация академиялық жазылым ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған жұмыс, ғылыми стильді ұстанған, жүйелік құрылымы сақталған, сілтемелерді орынды қолданған. Диссертацияны жазу барысында академиялық тазалық ұстанымдарын



			басшылыққа алған. Сонымен қатар, академиялық жазылым сапасын жоғары деп бағалауға диссертанттың барлық ұғымдар мен түсініктерге контент талдау жасалғандығы және берілген тұжырымдардың академиялық ұстамдылығымен дәлелденеді.
--	--	--	---

Орындалған зерттеу тұтас, өзекті, дербес және аяқталған болып табылады, 8D01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Осыған байланысты, 8D01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша докторант Абылайхан Салтанат Мұратханқызына философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитет алдында өтініш білдіремін.

**Ресми рецензент**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті  
 Жалпы педагогика және білім берудегі менеджмент  
 кафедрасының меңгерушісі, доцент,  
 6D010300 – Педагогика және психология  
 білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD)



Д.Ж. Рамазанова